7. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген тәртіпте, Серіктестік өзінің орналасқан жерінен тыс филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы, олар заңды тұлға болып есептелмейді, Серіктестік атынан және тапсырмасымен олардың Ережесіне сәйкес әрекет етеді.

## **2-тарау. Серіктестіктің фирмалық атауы, орналасқан жері және мекенжайы**

8. Серіктестіктің фирмалық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Astana Tourism» туризмді дамыту орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

2) орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Центр развития туризма «Astana Tourism»;

3) ағылшын тілінде: «Tourism Development Center» Astana Tourism Limited Liability Partnership.

9. Серіктестіктің орналасқан жері және мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ә. Мәмбетов көшесі, 24.

10. Негізгі қызмет түрлері: (ЭҚЖЖ 79.90.0) Брондау бойынша басқа қызметтер және оларға байланысты қызметтер, соның ішінде туризмді дамытуға бағытталған қызметтер.

Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

11. Серіктестік кейбір қызмет түрлерімен лицензия негізінде айналыса алады, олардың тізбесі заңнамалық актілермен анықталады.

12. Серіктестік орташа жылдық қызметкерлер саны 100 (жүз) адамнан аспайтын және орташа жылдық кірісі айлық есептік көрсеткіштің үш жүз мың еселенген мөлшерінен жоғары емес шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

## **3-тарау. Серіктестіктің міндеттері, мақсаттары және қызмет түрлері**

13. Серіктестіктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) өз қызметі аясында қазақстандық, шетелдік және халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттесу;

2) қазақстандық және шетелдік ұйымдардың қатысуымен бизнес-форумдар, семинарлар, көрмелер және басқа да іс-шаралар өткізу, сондай-ақ халықаралық іс-шараларға қатысу;

3) туристік бағытты дамыту аясында инвестиция тарту және жобаларды жүзеге асыру, астананың брендін ілгерілету;

4) астананың туристік әлеуетін дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу;

5) Астана қаласының кәсіпкерлерімен серіктестік бағдарламаларды ұйымдастыру, өткізу және қолдау;

6) туризм саласында инновациялық шешімдерді іздеу, зерттеу, тарту және енгізу;

7) Астана қаласының брендингін ілгерілету мақсатында мәдени-спорттық іс-шаралар аясында әуесқой және бұқаралық спортты жүзеге асыруға жәрдемдесу;

8) туризм қызметін дамыту бағдарламаларын жүзеге асыру;

14. Серіктестіктің негізгі қызмет мақсаты мыналар болып табылады:

1) астанада іскерлік туризмді дамытуға ықпал ететін іс-шараларды ілгерілету;

2) Астана қаласының қазақстандық брендіне әртүрлі деңгейде қолдау көрсету;

3) туризмді дамыту және Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласының имиджін нығайтуға бағытталған қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ Астана қаласын халықаралық көрмелерге дайындау.

#### **4-тарау. Серіктестік қатысушысының құқықтары мен міндеттері**

15. Серіктестік қатысушысы құқылы:

- 1) Серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;
- 2) Серіктестік қызметі туралы ақпарат алу және оның бухгалтерлік есептері мен басқа да құжаттарымен танысуға;
- 3) Серіктестік қызметінен түсім алу және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес таза табысты бөлуге қатысуға;
- 4) Серіктестік таратылған жағдайда, кредиторлармен есеп айырырудан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе Серіктестіктің барлық қатысушыларының келісімі бойынша осы мүліктің бір бөлігін заттай алуға;
- 5) Серіктестіктегі үлесті сату немесе басқа жолмен беріп, Серіктестікке қатысуын тоқтатуға;
- 6) Серіктестік органдарының оның Заңда және/немесе Серіктестік Жарғысында көзделген құқықтарын бұзатын шешімдеріне қарсы сот тәртібімен талас жүргізуге;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

16. Серіктестік қатысушысы міндетті:

- 1) Осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарды орындауға;
- 2) Жарғылық құжаттарда көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде Серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар жасауға;
- 3) Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған ақпаратты жария етпеуге;
- 4) Осы Жарғының 2-тармағында көзделген мәліметтерге өзгерістер болған жағдайда, атқарушы органға және Серіктестік қатысушыларының реестрін жүргізетін тіркеушіге жазбаша хабарлауға;
- 5) Серіктестік алдындағы өз міндеттемелерін орындауға;
- 6) Серіктестік таратылған жағдайда, кредиторлармен есеп айырырудан кейін қалған мүліктің Серіктестік мүлкіне қатыстылығы бойынша үлесі немесе оның құнын бюджетке аудару және/немесе беруге;
- 7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында Серіктестіктің шаруашылық қызметін жүзеге асыруға ақылға қонымды көмек пен қолдау көрсетуге.

17. Серіктестік қатысушысының жарғылық шарт және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да құқықтары мен міндеттері болуы мүмкін.

#### **5-тарау. Серіктестік органдарының құрылу тәртібі мен құзыреті**

18. Серіктестік органдары болып табылады:

- 1) Серіктестіктің жоғарғы органы – Жалғыз қатысушы (Қатысушы);

2) Серіктестіктің атқарушы органы – коллегиялық орган (басқарма);

19. Серіктестік таратылған жағдайда, оның істері тарату комиссиясының (ликвидатордың) қарауына беріледі, ол Серіктестікті Заң және осы Жарғыда белгіленген тарату тәртібіне сәйкес басқарады.

20. Серіктестіктің коллегиялық органының бір ауыздан қабылдаған шешімін қажет ететін Осы Жарғыда көрсетілген кез келген мәселе немесе шешім, осы Жарғының басқа қандай да ережелеріне қарамастан, Серіктестіктің кез келген басқа органымен дәл сондай бір ауыздан шешілуі тиіс (егер бұл мәселе Серіктестіктің басқа органы қарауына берілген болса).

### **6-тарау. Қатысушының құзыреттері**

21. Қатысушының құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Серіктестіктің Жарғысын өзгерту, оның ішінде жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгерту, немесе Серіктестіктің Жарғысын жаңа редакцияда бекіту;

2) Серіктестіктің негізгі тиімділік көрсеткіштерін (KPI) бекіту және олардың орындалуын қарастыру;

3) Серіктестіктің атқарушы органын құру және оның немесе атқарушы органның жеке мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ жауапкершілігі шектеулі серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай берудің шарттарын белгілеу;

4) Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің және/немесе Ревизиялық комиссияның (ревизорының) өкілеттігін сайлау және мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің Ревизиялық комиссиясының (ревизорының) есептері мен қорытындыларын бекіту;

5) Жылдық қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты бөлу;

6) Заңның 59-бабына сәйкес, аудит жүргізу міндетті болып табылатын серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды бекіту;

7) Автотранспорт құралдарын пайдалану және әкімшілік қызметкерлерді орналастыру үшін кеңістіктерді пайдалану нормаларын бекіту, Серіктестік қаражаты есебінен өтелетін өкілдік шығындарының лимиттерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да лимиттер мен шығындарды бекіту;

8) ішкі ережелерді, олардың қабылдау рәсімдерін және басқа құжаттарды бекіту, атап айтқанда:

8-1) Серіктестіктің Қадағалау кеңесі туралы Ереже (бар болған жағдайда);

8-2) Серіктестіктің Басқармасы туралы Ереже;

8-3) Серіктестіктің Жарғысында басқа органдардың құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да Ережелер мен Нормативтік құжаттар;

8-4) Серіктестікті дамыту стратегиялары;

8-5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі құжаттар;

8-6) Комплаенс-офицердің лауазымдық нұсқаулығы;

- 9) Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысу туралы шешімі;
- 10) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім;
- 11) Тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;
- 12) Серіктестік қатысушысының үлесін мәжбүрлі сатып алу туралы шешім;
- 13) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге қою туралы шешім;
- 14) Серіктестік мүлкіне қосымша салымдар енгізу туралы шешім;
- 15) Серіктестік қатысушылары мен үлес алушыларға Серіктестік қызметі туралы ақпарат берудің тәртібі мен мерзімдерін бекіту;
- 16) Серіктестікке несие беру және алу, сондай-ақ қаржылық көмек көрсету туралы шешімдер қабылдау;
- 17) Серіктестік арқылы қайырымдылық және демеушілік көмек көрсету мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 18) Жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен мәміле немесе өзара байланысқан мәмілелер жиынтығын жасауға келісім беру туралы шешім, нәтижесінде Серіктестік мүлкінен 51% (елу бір) және одан көп баланстық активтердің жалпы құнына тең мүлік сатылуы мүмкін;
- 19) Серіктестіктің штат саны мен ұйымдық құрылымын бекіту;
- 20) Серіктестіктің атқарушы органын сыйлықақымен марапаттау /сыйақы төлеу туралы шешім қабылдау;
- 21) Серіктестіктің атқарушы органына қатысты тәртіптік шаралар қолдану туралы шешім қабылдау;
- 22) Серіктестіктің уақытша бос ақша қаражатын орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 23) Серіктестікті дамыту жоспарын, сондай-ақ оның орындалуы туралы есепті бекіту және нақтылау;
- 24) келісім:
- кепілдік және несие саясаты;
  - кадрлық саясат;
  - салықтық және есеп саясаты;
  - қаржыландыру ережелері;
  - іссапарлар туралы Ереже;
  - Серіктестік қызметкерлерінің еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттары туралы Ережелер;
- 25) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін атқаратын қызметкерді (комплаенс-офицерді) анықтау.
22. Серіктестік қатысушысы, осы Жарғыда оның құзыреті қалай белгіленгеніне қарамастан, Серіктестік қызметімен байланысты кез келген мәселені қарауға құқылы.
23. Серіктестік қатысушысы Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша басқа органдардың кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

### 7-тарау. Атқарушы орган

24. Басқарма Серіктестіктің атқарушы органы болып табылады, ол Серіктестіктің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес оның ағымдағы қызметін басқарады және қатысушының шешімдерін орындауды ұйымдастырады.

Басқарма Серіктестіктің қызметіне қатысты, Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Жарғы және ішкі құжаттар бойынша басқа органдардың құзыретіне жатпайтын кез келген мәселе бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма шешімдері хаттамалар түрінде ресімделеді, Басқарма Төрағасының шешімдері – бұйрықтар түрінде.

Серіктестік Басқармасы өзіне жүктелген міндеттерді орындағаны үшін Жалғыз қатысушы алдында жауап береді.

25. Серіктестік Басқармасы кемінде 3 (үш) мүшеден тұрады. Басқарма Төрағасы Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімімен берілген өкілеттіктер аясында тағайындалады.

26. Серіктестік Басқарма Төрағасының орынбасарлары, олардың өкілеттік мерзімдерімен бірге, Жалғыз қатысушының шешімін бекіткен сәттен бастап Басқарма мүшелері болып саналады.

27. Басқарма мүшесі ретінде тек жеке тұлға ғана бола алады. Әрбір Басқарма мүшесі өзінің мүдделері (немесе оған байланысы бар тұлғалардың мүдделері) мен Серіктестік мүдделері арасында қақтығыс туғызуы мүмкін әрекеттерден Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыда көзделген тыйымдарды ескере отырып бас тартуы тиіс. Егер қақтығыс туындаса, Басқарма мүшесі дереу Жалғыз қатысушыны хабардар етіп, тек Серіктестік мүддесінде әрекет етуге міндетті.

28. Серіктестіктің Басқарма Төрағасымен жасалған еңбек шарты берілген өкілеттіктер шеңберінде Серіктестіктің Жалғыз қатысушысымен мақұлданады және жасалады.

29. Басқарма мүшелерімен және ішкі тексерушімен (бар болса) еңбек шартын Басқарма Төрағасы жасайды.

30. Басқарманың отырыстарын шақыру, өткізу тәртібі мен шешім қабылдау және басқа да мәселелер Жалғыз қатысушы бекіткен Басқарма туралы Ережеде анықталады.

31. Басқарманың құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Серіктестіктің несие алу және беру, сондай-ақ қаржылық көмек көрсету мәселелерін қарау және оны бекіту үшін Жалғыз қатысушыға ұсыну;
- 2) Серіктестік арқылы қайырымдылық және демеушілік көмек көрсету мәселелерін қарау және оны бекіту үшін Жалғыз қатысушыға ұсыну;
- 3) жылдық қаржылық есептілікті қарау және оны бекіту үшін Жалғыз қатысушыға ұсыну;
- 4) Серіктестікті дамыту жоспарына түзетулерді қарау және оны бекіту үшін Жалғыз қатысушыға ұсыну;
- 5) Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі ережелерді, олардың қабылдау рәсімдерін және басқа құжаттарды бекіту, бірақ оларды бекіту Серіктестік Жарғысында Жалғыз қатысушының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа;

- 6) Серіктестік үшін жылдық мемлекеттік сатып алу жоспарын бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 7) Жалғыз қатысушымен келісу арқылы кадрлық саясатты бекіту;
- 8) Іскерлік этика кодексін бекіту;
- 9) Жалғыз қатысушымен келісу арқылы Серіктестіктің іссапарлар туралы ережесін бекіту;
- 10) Жалғыз қатысушымен келісу арқылы Серіктестіктің салықтық және есеп саясатын бекіту;
- 11) Жалғыз қатысушымен келісу арқылы Кепілдік саясаты мен Несие беру саясатын бекіту;
- 12) Серіктестіктің Атқарушы органы қызметкерлерін қоспағанда, Серіктестік қызметкерлерінің негізгі тиімділік көрсеткіштерін (KPI) бекіту;
- 13) Серіктестіктің ұзақ мерзімді даму стратегиясын және даму жоспарын жүзеге асыру;
- 14) Серіктестіктің бизнес-процестерін ұйымдастыру және ресурстарды тиімді пайдалану мақсатында олардың тиімділігін арттыру шараларын қабылдау, Серіктестік шығындарын жабу рәсімдерін анықтау бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 15) Серіктестіктің материалдық қорлары, негізгі құралдары және материалдық емес активтерін қайта бағалау туралы шешім;
- 16) Серіктестікпен мәміле немесе өзара байланысқан мәмілелер жиынтығын жасауға келісім беру туралы шешім, нәтижесінде Серіктестік мүлкінен баланстық активтердің жалпы құнының 51% (елу бір) кем бөлігін сатуы мүмкін;
- 17) Серіктестік тарапынан сотқа талап арыз беруін бекіту (мемлекеттік сатып алулармен байланысты талап арыздарды қоспағанда) және дауды реттеу туралы келісім жасау (медиациялық келісім);
- 18) Серіктестік немесе оның қызметі туралы, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;
- 19) Серіктестіктің Медиа-жоспарын бекіту;
- 20) Жалғыз қатысушының шешімдерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Жарғы және Серіктестік Басқармасы туралы Ереже бойынша белгіленген басқа да функциялар мен міндеттерді орындау.
32. Серіктестік Басқарма Төрағасы – Серіктестіктің атқарушы органын басқаратын тұлға болып табылады, ол лауазымдық функцияларды Жалғыз қатысушы және Басқарма шешімдеріне сәйкес атқарады.
33. Өз міндеттерін орындау кезінде Басқарма Төрағасы Серіктестік мүддесінде әрекет етеді. Басқарма Төрағасы Серіктестіктің қызмет нәтижелері мен қабылданған шешімдер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке жауапкершілікке ие.
34. Басқарма Төрағасының құзыретіне келесі мәселелер жатады:
- 1) Серіктестіктің ағымдағы қызметін ұйымдастыру және басқару;
  - 2) Серіктестік қызметі туралы ақпаратты заңнама талаптарына сәйкес уақытында және толық ашуды қамтамасыз ету;
  - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Серіктестік ішкі құжаттарына сәйкес, Жалғыз қатысушы алдында есеп беру;

- 4) Серіктестік ішкі құжаттарына сәйкес, Серіктестіктің кадрлық саясатын жүзеге асыру;
  - 5) Серіктестіктің даму стратегиясын және даму жоспарын жүзеге асыру;
  - 6) еңбек тәртібі ережелерін бекіту;
  - 7) Басқарма мүшелері, кеңесшілер және тәуекел-менеджердің негізгі тиімділік көрсеткіштері (KPI) орындалуын бақылау;
  - 8) Серіктестік мүдделерін білдіру құқығымен сенімхат беру;
  - 9) бұйрықтарға қол қою: жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан шығару, еңбек шарттары, Серіктестік қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану және марапаттау шаралар;
  - 10) комплаенс-офицермен еңбек шартына Жалғыз қатысушы белгілеген тәртіп пен шарттар бойынша қол қою;
  - 11) Басқарма мүшелерін сайлау немесе олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыныстарды Жалғыз қатысушыға енгізу;
  - 12) Серіктестік қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын, Серіктестік құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін ережелер мен ішкі құжаттарды бекіту, оларды бекіту Жалғыз қатысушының немесе Басқарманың құзыретіне жатпайды;
  - 13) консультативтік-кеңесші органдарды құру, олардың сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 14) статистикалық есептілікті уақытында дайындау және ұсыну барысын бақылау;
  - 15) Серіктестікке корпоративтік дау бойынша сәйкес сот хабарламасы немесе азаматтық іс бойынша шақыру түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Жалғыз қатысушыны корпоративтік дау бойынша сот ісінің басталғаны туралы хабардар ету;
  - 16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау;
  - 17) Жалғыз қатысушының шешімдерімен, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестік Жарғысына сәйкес басқа да функциялар мен міндеттерді орындайды, сондай-ақ Серіктестік қатысушысының ерекше құзыретіне және Басқарманың құзыретіне жатпайтын Серіктестіктің ағымдағы қызметіне қатысты барлық басқа мәселелер бойынша шешім қабылдайды;
  - 18) Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Жарғы немесе Серіктестік ішкі құжаттарына сәйкес Басқарма Төрағасының құзыретіне жататын басқа да мәселелер.
35. Басқарма Төрағасы мен әрбір басқарма мүшесіне тыйым салынады:
- 1) Жалғыз қатысушының келісімінсіз Серіктестікпен мүліктік пайда алу мақсатында мәмілелер жасауға (соның ішінде сыйға беру, тегін пайдалану, сатып алу-сату және т.б. келісімшарттар);
  - 2) Серіктестікпен үшінші тұлғалармен жасалған мәмілелер үшін Серіктестіктен де, үшінші тұлғалардан да комиссиялық сыйақы алуына;
  - 3) үшінші тұлғалардың атынан немесе олардың Серіктестікпен қарым қатынасында олардың мүддесі үшін әрекет етуге;

4) Серіктестік қызметімен бәсекелес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынады.

36. Басқарма мүшелерінің басқа да құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасы, Жарғы және еңбек шарттары арқылы анықталады.

### **8-тарау. Таза табысты бөлу**

37. Серіктестік қатысушысы тарапынан Серіктестіктің тиісті жылдағы қызметінің нәтижелері бойынша алынған таза табысты бөлу осы жылға арналған Серіктестіктің қызмет нәтижелерін бекіту туралы Серіктестік қатысушысының шешіміне сәйкес жүзеге асырылады. Қатысушы сондай-ақ таза табысты немесе оның бір бөлігін бөлуден алып тастау туралы шешім қабылдауға құқылы.

38. Серіктестік қатысушысы табысты бөлу туралы шешім қабылдаған жағдайда, қатысушы Серіктестіктің жарғылық капиталындағы өз үлесіне сәйкес бөлінетін табысты алуға құқылы. Таза табысты бөлу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде Серіктестік Астана қаласы бюджетіне аталған төлемді ақшалай түрде жүзеге асыруы тиіс.

### **9-тарау. Серіктестік қатысушысына, үлес сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі**

39. Серіктестік қатысушының талабы бойынша Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат ұсынуға міндетті.

40. Аткарушы орган қатысушының жазбаша сұрауы бойынша Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты шешіммен белгіленген (қатысушының) мерзімде ұсынады.

41. Үлес сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен оның көлемі қатысушының шешімімен және үлестерді сатып алу туралы алдын ала шартпен белгіленеді.

42. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат Қазақстан Республикасы ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

### **10-тарау. Серіктестіктің мүлкі және жарғылық капиталдың мөлшері**

43. Серіктестік төменде аталғандар есебінен қалыптасатын мүліктің меншік иесі болып табылады:

- 1) қатысушының жарғылық капиталға салымдары;
- 2) алынған табыс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де негіздер бойынша Серіктестікпен сатып алынған өзге мүлік;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де негіздер бойынша алынатын мүлік.

Серіктестіктің мүлкі оның балансында есепке алынады.

44. Қатысушының Серіктестікке жалға немесе пайдалануға берген мүлкі қатысушының меншігі болып табылады.

Серіктестіктің жарғылық капиталына салым ретінде ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жер пайдалану құқығы мен интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқық және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Жеке мүліктік емес құқықтар мен өзге де материалдық емес игіліктерді салым ретінде енгізуге жол берілмейді.

45. Жарғылық капиталдың мөлшері қатысушының шешімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

46. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайтуға оның толық төленуінен кейін ғана жол беріледі және мынадай жолдармен жүзеге асырылуы мүмкін:

қатысушы жүргізетін қосымша салымдар;

Серіктестіктің меншікті капиталы, оның ішінде резервтік капиталы есебінен жарғылық капитал мөлшерін ұлғайту;

Серіктестік құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау.

47. Серіктестіктің жарғылық капиталын азайту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қатысушының салым мөлшерін азайту арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

48. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту және азайту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Жарғылық капиталдың заңнамамен белгіленген ең төменгі мөлшерінен төмен азайтылуына жол берілмейді.

Жарғылық капиталды азайту қатысушы өз салымын жарғылық капиталдың толық мөлшеріне дейін енгізгеннен кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

49. Серіктестікке жаңа қатысушыны қабылдауына байланысты Серіктестіктің жарғылық капиталы мөлшерінің өзгеруі қатысушылардың үлестерін қайта есептеуге әкеп соғады. Серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысушылардың үлестері және тиісінше мүлік құнындағы үлестері олардың өзара келісімі бойынша айқындалады.

50. Серіктестік жарғылық капиталдың ұлғайтылғаны туралы шешім қабылданған күннен бастап үш ай ішінде Серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға хабарлауға міндетті. Хабарлау сәтіне дейін жарғылық капиталдың ұлғаюы жоспарланған соманың кемінде жартысы төленуі тиіс.

Серіктестік мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға хабарламаса, жарғылық капиталдың ұлғаюы жүзеге аспаған деп танылады.

51. Қатысушының Серіктестіктің жарғылық капиталына салатын натуралдық нысандағы немесе мүліктік құқықтар түріндегі салымдары ақшалай түрде бағалануға тиіс. Егер мұндай салымның құны жиырма мың айлық есептік көрсеткішке баламалы сомандан асатын болса, оның бағасы бағалаушымен расталуы қажет.

52. Салым ретінде Серіктестікке мүлікті пайдалану құқығы берілген жағдайларда, салымның мөлшері бүкіл пайдалану мерзімі үшін есептелген пайдалану төлеміне сәйкес айқындалады.

Қатысушының келісімінсіз жарғылық капиталдағы салым ретінде пайдалануға берілген мүліктің мерзімінен бұрын алынуына жол берілмейді.

Серіктестікке пайдалануға берілген мүліктің кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупі мүлік иесіне жүктеледі.

53. Серіктестіктің жарғылық капиталы 369 200 (үш жүз алпыс тоғыз мың екі жүз) теңгені құрайды.

### **12-тарау. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату**

54. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қатысушының шешімі бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

### **13-тарау. Қорытынды ережелер**

55. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі оның құрылу сәтінде пайда болады және оның таратылуы аяқталған сәтте тоқтатылады. Белгілі бір қызмет түрімен айналысу үшін рұқсат алу талап етілетін жағдайда, заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі осындай рұқсат алынған кезден бастап туындайды және ол рұқсатты қайтарып алу, оның қолданылу мерзімі аяқталу немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жарамсыз деп тану сәтінде тоқтатылады.

### **14-тарау. Қатысушының қолы және мөрі**

Серіктестіктің жалғыз қатысушысы:  
«Астана қаласының инвестициялар  
және кәсіпкерлікті дамыту  
басқармасы» ММ  
атынан



Әкімжанов Халел Рахимұлы

**РЕШЕНИЕ № 58**  
**единственного участника**  
**товарищества с ограниченной ответственностью**  
**«Центр развития туризма «Astana Tourism»**

г. Астана

«14» 11 2025г.


В соответствии с подпунктом 1) пункта 2 статьи 43 Закона Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью», подпунктом 1 пункта 21 Устава товарищества с ограниченной ответственностью «Центр развития туризма «Astana Tourism» (далее – Товарищество), единственный участник Товарищества, в лице руководителя государственного учреждения «Управление по инвестициям и развитию предпринимательства города Астаны» Акимжанова Х.Р.,

**РЕШИЛ:**

1. Утвердить в новой редакции:
  - 1) Устав Товарищества согласно приложению 1 к настоящему решению;
  - 2) Положение о правлении Товарищества согласно приложению 2 к настоящему решению.
2. Признать утратившими силу:
  - 1) решение Единственного участника товарищества с ограниченной ответственностью «Центр развития туризма «Astana Tourism» от 28 февраля 2025 года № 13.
  - 2) пункт 3 Решения Единственного участника товарищества с ограниченной ответственностью «Центр развития туризма «Astana Tourism» от 28 февраля 2025 года № 14.
3. Исполнительному органу Товарищества принять необходимые меры в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
4. Настоящее решение вступает силу с момента его подписания.

**Единственный участник,**  
**Руководитель**  
**ГУ «Управление по инвестициям**  
**и развитию предпринимательства**  
**города Астаны»**



 **Х. Акимжанов**